




4 870220 133002 9



Елімізге қомақты инвестиция тарту керек. Қазір дүние жүзінде инвестицияға талас күшейіп барады. Жаңа инвестициялық кезеңді бастауымыз қажет. Қазіргі инвестиция тарту саясаты мардымды деп айта алмаймын. Қаражаттың көбі шикізат салаларына құйылып жатыр. Жалпы, бұл жаман емес, осындай инвестициялар бізге қажет.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауынан.

Біздің оқырман

ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ЖАНСЕРІГІМ



Гауһар ҚОРБАНОВА,
С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер
кітапханасының қызметкері

Ғасырлық тарихы бар облыстық «Ақтөбе» газетін кітапханашы болғандықтан ғана емес, оқырман ретінде де ерекше ықыласпен оқимын. Бұл басылым өңірдің айнасы, елдің өткені мен бүгінгі тоғысқан рухани шежіре іспетті. Әр санынан туған жердің тынысын, халықтың үнін, руханияттағы жаңалықты білемін.

Газеттің мазмұны бай, айдарлары алуан түрлі. Әсіресе «Қала» қосымшасы, «Әдебиет», «Денсаулық» айдарларындағы материалдар оқырманға пайдалы мәлімет ұсынады. Сондай-ақ «Майдангер ұстаз өнегесі», «Қорғантаудан қанат қаққан ғалым еді...» сынды мақалалардың танымдық мәні зор. Ал Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың 100 жылдығына арналған материалдар жинақылығымен, мазмұндылығымен ерекше әсер қалдырды.

Кітапхана ұжымы газетпен тығыз байланыста жұмыс істейді. Өйткені қоғамда кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, сенімді ақпарат тарату, жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне көңіл бөлу — ортақ мақсатымыз. Осы басылымды жұмыс орнымдағы жансерігім десем артық айтпаспын, себебі күн сайын бір парақтамай көңілім көншімейді. Әрі бұл жұмыс барысында туындаған сұрақтарға жауап алу үшін де қажет. Газеттің электронды нұсқасы да ыңғайлы.

Жастарды жат қылықтардан аулақ болып, дұрыс жолды таңдауға, пайдалы іспен айналысуға баулу ісінде бұқаралық ақпарат құралдары мен кітапханалардың орны ерекше. Соны өскелең ұрпақ қана емес, ересектер де ұғынса деймін. Газет оқуды әдетке айналдырайық!

Бүгінгі санда:



ҚОЛЖЕТІМДІ АЗЫҚ-ТҮЛІК:
БАҒА ТҰРАҚТЫ, ҚОР ЖЕТКІЛІКТІ



ТРИАТЛОН САЯБАҒЫ:
ТЫНЫҒУ, ЖАТТЫҒУ, СЕРУЕН

«Ақтөбе» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар санаты		Бағалар	
			қала	ауыл
65420	Жеке тұлғалар үшін	12 ай	17 311,98 тг	17 311,98 тг
		6 ай	8 655,99 тг	8 655,99 тг
66420	Заңды тұлғалар үшін	12 ай	25 086,96 тг	20 383,98 тг
		6 ай	12 543,48 тг	10 191,99 тг
67420	Жеңілдікпен алушылар үшін	12 ай	15 487,98 тг	15 487,98 тг
		6 ай	7 743,99 тг	7 743,99 тг

ЖАЗЫЛУДЫ ҰМЫТПАҢЫЗ!



Көрсетілген байланыс телефондары арқылы жазылуға қатысты толық ақпаратты ала аласыздар:

8 (7132) 90-71-67 (редакция),
8 (7132) 90-12-19 («Қазпошта» АҚ).